

## Шомшақты жалпы білім беретін мектебінің кітапханашысының

### 2023-2024 оқу жылының жылдық есебі

Қазіргі таңда жан-жақты білім мен тәрбие беретін мәдени орындардың бірі мектеп кітапханасы болып табылады.. Кітапхана. еліміздің ертеңі болар жас ұрпақтың білімін кеңейтіп,біліктілігін арттыруда , рухани азық беруде,мектеп кітапханасының да алар орны да ерекше.. Мынау келген компьютер заманы болғанымен , рухани азық іздеген ,көзі ашық,көкірегі ояу әр баланың бір қасиетті қара шаңырағы - осы кітапхана екені де рас.

Кітап біздің рухани құндылығымыз, теңдесі жоқ байлығымыз. Өткен замандардың тереңінен сыр шертетін тарихы да, әдебиеті де осы кітап арқылы жетіп отырады.

#### **Кітапхана жұмысының мақсаты:**

Кітапхана оқырмандарын заман талабына сай ақпараттық технологиямен жұмыс жасауға бейімдетіп, тіл байлығын кеңейтіп , сөздік қорларын,ой-өрісін дамытуға, оқулықты таза ұстап,кітапты құрметтей білуге тәрбиелеу,мектепте өткізілетін іс-шараларға атсалысу. Білім беру үрдісінде оқушыларға ақпараттық, оқырмандық мәдениетті қалыптастыру жолымен білім сапасын арттыру.

Жалпы кітап қоры: 6084

Оқулықтар саны: 3852

Әдебиеттер саны 2232

Оқушыларды оқулықтармен қамтамасыз ету барысында жалпы оқушылар 100 пайыз қамтылды. 1-4 сыныптары толық оқулықтармен қамтамасыз етілді. Үйде оқитын оқушыға да толық «Сатр» баспасынан оқулықтар берілді.

Биылғы оқу жылында

1 ші қыркүйекте «Білімге ұмтылу,еңбексүйгіштік және отаншылдық» көрмесі безендіріліп сынып сағаттары өткізілді.



1-2 жарты жылдыққа да Мерзімді басылымдарға тапсырыс дайындалып дер кезінде өткізілді.

Жазылған газет, журналдардың ақысы бухгалтерия арқылы ұсталынды.

Бір ел- бір кітап акциясы бойынша көрмелер безендірілді. Акцияда Ұлт ұстазы А.Байтұрсыновтың шығармалары ұсынылды.



Ұлттық валюта-теңге күніне «Теңге Қазақстанның үміті мен өмірінің символы» көрме безендіріліп, презентация жасалды.

Оқуға құштар мектеп жобасы аясында. 2-4 сынып оқушыларының қатысуымен. «Мен кітап оқығанды жақсы көремін» тақырыбында 20 минуттық кітап оқу ұйымдастырылды.



2021 жылдан бастап «Оқуға құштар мектеп, оқуға құштар ұлт» жобасы бойынша Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев білім саласын Жол картасын дамыту бағдарламасында мектеп кітапханаларын қажетті көркем әдебиеттермен қамтамасыз ету мәселесін тапсырған болатын. Осы жоба бойынша жол картасы мен жоспар жасалып «Оқуға құштар мектеп, Оқуға құштар ұлт» тақырыбында көрме безендірілді.



Мектебімізде 5.09. 2023 жылы Тілдер мерекесіне орай жоспар түзіліп, «Қазақ тілі- мемлекеттік тіл тірегі!» тақырыбында тілдер бірлестігінің

Ы.Алтынсарин. Қазақ халық ертегілері -ауыз әдебиетінің ертеден келе жатқан көлемді саласының бірі болып табылады. Ертегілер халқымыздың тарихын дүниетанымын тұрмысы мен салтын әдет ғұрпын нанымы мен сенімін білдіреді. Ертегі оқу арқылы балалардың тіл байлығы дамиды.



18.11.2023 жылы. Шығыс жұлдызы қазақтың қаһарман қызы Мәншүк Мәметоваға 100 жыл толуына орай оқушыларға бейнекөрсетілім көрсетілді .Мақсаты: Мәншүк Мәметованың ерліктерімен таныстыру. Оқушылардың қазақтың батыр қызының ерлігіне қызығушылығын арттыру.

24.11.2022 ж Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Төлен Әбдіковке 80 жыл толуына орай жазушының жазған еңбектерімен өмірімен таныстыру , Сонымен қатар «Оң қол» әңгімесін оқып талқыладық. «Оң қол» әңгімесі Төлен Әбдіковтың 25жасында жазған алғашқы әңгімелерінің бірі Өте қызық. Жазушы драматург талай оқырмандарды өзінің шығармаларымен тамсандырған.



ұйымдастыруымен мерекелік- іс шара өткізілді. 10- күндікте Ахмет Байтұрсынұлының 150- жылдығына орай эссе алынып, көрме ұйымдастырылды.

10.2023 жылы мектебімізде «Зорлық зомбылықсыз балалық шақ» атты тақырыпта кітапханада , тақырыпқа байланысты суреттер ілініп балаларға осындай жағдайда қалай қорғануы жөнінде , қайда хабарласуы туралы жадынамалар таратылып жұмыстар жүргізілді.

10.10.2023 жылы мектебіміздің кітапханасында Абайды әлемге танытқан Мұхтар Әуезовке 125жыл толуына орай кітапханада кітап көрмесі жасалды. Мақсаты : Мұхтар Әуезовтың өмір жолы мен жазушылық қызметінен шығармашылығынан мағлұмат беру. Жазушының әлемдік мәдениетке қосқан үлесі туралы оқушылардың білімдерін жүйелеу. Ой өрісін , рухани жан дүниесін байыту.

24.10.2022 жылы Тағылымды тұлға ұлт ұстазы ғұлама ғалым Ахмет Байтұрсыновқа 150 жыл толуына орай кітап көрмесі жасалып 6 сынып оқушыларымен сыныптан тыс ашық сабақ өтілді . Балалар Ахмет Байтұрсыновтың өлеңдерін жатқа айтып мәнерлеп оқып керемет әсер алды.




9.11.2023 жылы Аңыз және Абыз Шерхан Мұртазаға 90 жыл толуына орай кітап көрмесі жасалынды. Қазақ әдебиетінің тілін дінінің мұңын мұңдап жоғын жоқтаған шындықтың шырақшысындай болған , Қазақ журналистикасының қара нары Шерхан Мұртазаның өмірі мен шығармашылығымен танысты.





14.11.2023ж. Ертегі әлемі. «Бала кезде үш жастан он екі жасқа дейінгі аралықта әр адам өзінің рухани дамуына қажетті нәрсенің бәрін де ертегіден алады»

үшін .8-9 сынып оқушылары қатысты. Мақсаты: Ұлттық сана сезімі жоғары , рухани ойлауы терең мәдениетті парасатты ар ожданы мол , еңбекқор ең көп оқыған ұрпақты анықтау еді, нәтижесінде 10 сынып оқушысы Аманжол Несібелі . «Ең үздік оқырман» номинациясын жеңіп алды.



18.01.2023жыл «Кітап біздің досымыз» тақырыбында әңгіме жүргізілді.. Кітап сарқылмас қазына дей келе , білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру. Кітаптың адам өміріндегі маңызы , ғылым мен білімнің пайдасы жайлы түсіндірілді.



.1.12.2023жыл. Мемлекеттік сыйлықтың иегері , жазушы драматург Дулат Исабековке 80 жыл .Оқушыларды жазушының өмірімен , жазған еңбектерімен сонымен қатар «Әпке» драмасын оқып талдадық. Әр тұлғаның жеке адами көзқарасын туындату арқылы отбасы құндылығын түсіне білетін ой пікірді қалыптастырылды.

19.12.2023 жыл. 20 ғасырдың қазақ әдебиетінің ең биік тұлғасы -Мұхтар Омарханұлы Әуезов 125жыл толуына орай Кітап көрмесі жасалынды. Мақсаты Мұхтар Әуезовтың өмір жолы мен жазушылық қызметінен шығармашылығынан мағлұмат беру. Жазушының әлемдік мәдениетке қосқан үлесі туралы оқушылардың білімдерін жүйелеу. Әлем таныған Әуезовтың ұлылығын дәріптеу. Көрмеге « Абай жолы» «Қорғансыздың күні» Мұхтар Әуезов туралы естеліктер кітабы т.б кітаптары қойылып таныстырылды.

Сонымен қатар, оқушылар «Каникулда кітап оқимыз» атты акциясына, «Буллинг және кибербуллинг» тақырыбында челенджер түсірді. Челенджер фейзбук әлеуметтік желісіне жарияланды.



.«Досыма кітап сыйлаймын» акциясына қатысып, достар бірін-бірі кітап сыйлау арқылы қуантты.



13.04.2024ж. «Ең үздік оқырман» «Білім көзі -кітапта» тақырыбында оқушылардың оқыған кітаптарын талқылау арқылы үздік оқырыманды анықтау

15.03.2024жылы Жазушы драматург ҚР қалық жазушысы Сафуан Шаймерденовтың 100 жыл толуына орай жазушының өмірімен танысып өлеңдерін оқылды.



3.04.2024жылы 2 сәуір "Халықаралық балалар кітап күніне орай 6-7 сыныптар арасында ұйымдастырылған "Кітап-өмірлік жеміс пен жеңіс" атты аудандық байқауда мектебіміздің 7 сынып оқушысы Асылбек Батырхан жоғары деңгейде көрсеткіш көрсетіп, мадақтамамен марапатталды.



5. 04.2024жылы Бұқар жырау Қалмақанұлының 330жылдығына орай өмірбаянымен толғауларымен «Сәлем сөздің анасы», «Балалық он жасыңыз», «Күллі әлемді қаратқан» т.б өлеңдері оқылды.

12.04.2023жылы 12 сәуір ғылым күніне орай Қазақ ғылыми академиясының тұңғыш президенті геология ғылымының 20ғасырдағы аса көрнекті оқымысты академик Қаныш Имантайұлы Сатпаевтың өмірбаянымен жасаған еңбектерімен танысты.

7.02.2024ж Мұқағали Мақатаевтың туылған күніне орай «Қара саз , кара шалғын өленде өстім» деген тақырыпта сыныптан тыс сабақ өтілді. Максаты Оқушылар арасында М.Мақатаевтың шығармаларын насихаттау. Поэзияға деген құштарлығын арттыру өлең сөздің құдіретімен қуатын жанымен сезініп жүрегімен сезіне білуге үйрету болды..

15.02.2024жыл Көрнекті ақын жырау Дулат Бабатайұлы туылғанына 220жыл толуына орай ақынның өмірімен өлеңдерімен таныстыру. Бейнекөрсетілім көрсетілді.



1.03.2024 жылы мектебімізде 1 наурыз - Алғыс айту күніне арналған «Алғыс айту парызым» алғыс білдіру шаралары ұйымдастырылып өткізілді. Мектептің кіреберіс дәлізіне түрлі шарлар, алғыс туралы қанатты сөздер ілініп, мектептің фойесі безендірілді. Таңғы 8- де оқушылар «Ұстаздарға мың алғыс» бейнекөрсетілімі мен қатар, ұстаздарды күтіп алу, алғыс айту шаралары ұйымдастырылып өткізілді.

7.03.2024 жылы мектебімізде 8- наурыз Халықаралық әйелдер, аналар, арулар мерекесіне орай «Әлемнің асыл сұлулары» тақырыбында мерекелік іс-шарасы ұйымдастырылып өткізілді.





21.04.2024 жылы Қазақтың ұлы ақыны қазақ әдебиетінің классигі Қазақтың бірлігі Алаштың азаттығы мен халқымыздың болашағы үшін бар ғұмырын күреспен өткізген зиялыларымыздың бірі қазақтың ұлы тұлғасы Мағжан Жұмабаевтың 130 жылдығына орай «Мен жастарға сенемін» атты өлеңін сонымен қоса «Таргын» «Сарғалдым» өлеңдері оқылды.

06.05.2024 жылы «Ұлы жеңіс жасасын» тақырыбына орай 6 сынып оқушыларымен сыныптан тыс іс шара ұйымдастырылып, көрме жасалынды.



11.05.2024 жылы Қазақтың атақты қолбасшысы болған Б.Момышұлының келіні Зейнеп Ахметовамен кездесу болды..Өте әсерлі мән-мағыналы кездесу болды.  
Бұл әсерлі кездесу 11 мамыр күні Ленгiр қаласы мәдениет үйiнде өттi. өттi.



Алайда, жоспардағы жоспарланған төмендегі іс шаралар өтілмей қалды.

1. 20 ғасыр әдебиетінің өкілі қоғам қайраткері ақын Сырбай Мәуленовке 100жыл толуына орай «Сырбайдың сырлы әлемі» атты сыныптан тыс сабақ өтілмеді..

2 Халық жазушысы , Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Әзілхан Нұршайықовтың туғанына 100жыл толуына оқушылармен жазушының өмірімен танысып, «Махаббат қызық мол жылдар» «Ақиқат пен Аңыз» туындыларын оқып, талқылау керек еді.

3. Қаз дауысты Қазыбек бидің 355жылдығына орай Оқушылармен кітапханада бейнекөрсетілім көрсетілу жоспарда бар еді. Бірақ орындалмай қалды. Келесі оқу жылында осы жіберілген кемшіліктер жойылады.

Мектеп кітапханашысы м.у.а :



А.Сардарбек